

Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту

**«№1 Жалпы білім беретін мектеп»КММ
Педагог-дефектолог: Оразалиева Мөлдір есетқызы**

Қазіргі уақытта қоғам кәсіби еңбек ету барысында болашақ маман иесінен қажетті психологиялық-педагогикалық тәсілдерді меңгеруді талап етіп отыр. Педагог қауымы өз бойындағы жеке ерекшеліктерімен қатар, балалардың психологиялық ерекшеліктерін, ұжымда дамуы мен қарым-қатынас жасау психологиясын, өзін-өзі меңгере алу технологиясын білуі қажет екенін назарға салып келеді.

Қазіргі таңда педагогтың инновациялық үдерісіндегі әдіс-тәсілдерінің негізгі бағыттарын басшылыққа ала отырып, жеке тұлғаның даму ерекшеліктерін қазіргі заман психологиясы мен педагогикасына сай тәрбиелеп, білім мен тәрбиені қатар меңгертудеміз. Осыған орай, баланың дұрыс жетіліп дамуы үшін оның өміріне қолайлы жағдай жасау, тәртібін, іс-әрекет дағдыларын, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру, эмоциялық көңіл-күйін, баланың жеке басының әлеуметтік статусын көтеру болып табылады.

Белгілі ұлы педагог Ушинский: «Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек» деген. Ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға тартатын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Ал сол білім діңгегі сапалы болу үшін жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, үйретуді одан әрі қарай инновациялық негізде жалғастырып келеміз.

Балалардың ақыл-ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деп аталатын терминмен сипатталады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің құрдастарынан жас ерекшеліктеріне қарағанда, олардың ойлары тұрақсыз болып келеді. Олардың ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейбір балаларда іс-әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді есте сақтауы мен қысқа мерзімді еске сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер.

Балалардың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз болып келеді. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар есептің шартын, диктантқа арналған сөздерді және сөйлемдерді есінде сақтамайды. Олар зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, кей кездері мектептің тәртібіне бағынбайды. Мұндай балалар көңіл бөлгенді қажет етеді. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың негізгі айырмашылығы мынада: бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, сондай-ақ дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез-құлықтарымен және іс-әрекеттерімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оның қажеттілігі мен мүмкіндіктері басты назарда. Психикалық

дамуы тежелген балалар қалыпты дамушы құрбыларынан шаршағыштығымен, жұмысқа қабілетінің төмендігімен ерекшеленеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың қоршаған орта туралы түсініктері зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қызғалыс координацияларының жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады. Сондықтан психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылы қиындықтарды құрайды. Бұндай қиындықтардың алын-алу мақсатында ойын элементтер әдістерінің маңызы зор.

Ойын баланың танымдық белсенділіктерін арттыратын әдіс. Төменгі сынып оқушыларына ойын түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады. Бастауыш сынып оқушыларының білімге деген ынтасын, мүмкін-шіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі психологиялық жаттығулар, суретті кестелер, танымдық ойын түрлерін пайдалану баланың ой-өрісін, дүниетанымын, зейінін, есте сақтау, қабылдау, қиялдауын дамытумен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады.